**Білім беру және кадрлар даярлау саласындағы ынтымақтастық туралы**

# МЕМОРАНДУМ

«06 » ақпан 2023 ж.

**ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер Академиясы» РММ** (бұдан әрі- өнер Академия) атынан ректоры **А.Сатыбалды, «Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК** (бұдан әрі - Колледж) атынан директоры **Ж.А. Аманбеков**, бұдан әрі тараптар деп аталатын, білім беру және білікті мамандар даярлау саласында ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында өзара түсіністікке жетіп, келесі іс – шаралар мен бағыттар бойынша екі тараптық ынтымақтастықты растайды:

## І. Ынтымақтастық мәні

1. Білім беру жүйесін дамытуға ықпал ету:
1.1.Қазіргі өндіріс талаптарына сәйкес кәсіби білім берудің мазмұнын (оқу бағдарламаларын, білім беру стандарттарын) жетілдіруге;
1.2. Халықаралық тәжірибеге сәйкес сертификациялау механизмін дамытуға;
1.3.Оқулықтар мен оқу – әдістемелік құралдарды жасақтауға;
1.4.Профессор – оқытушылардың еңбегін ынталандыру жүйесін жетілдіруге.

## ІІ. Ынтымақтастықтың нысаны

2.1.Студенттерге кәсіби бағдар беру бойынша;
2.2.Халықаралық стандарттарға сәйкесті біліктілік талаптарын әзірлеу мәселелері бойынша;
2.3. Білім беру жүйесін басқару және кадрларды даярлауды жетілдіру мәселелері бойынша;
2.4. Еңбек нарығының қажеттілігіне сәйкес кәсіби білім берудің мамандықтарын жетілдіру мәселелері бойынша;
2.5. Студенттердің конкурстар мен олимпиадалар, шеберлік сабақтарға қатысу және тәжірибе алмасу мәселелері бойынша.

## ІІІ. Өзгертулер мен толықтырулар

3.1.Қажетті жағдайда осы Меморандум Тараптардың өзара жазбаша келісімі арқылы өзгертілуі немесе толықтырылуы мүмкін.
3.2.Осы Меморандумға байланысты тараптар арасындағы даулар Тараптардың кеңес беру және келіссөздері арқылы шешіледі.
3.3.Осы Меморандум оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 5(бес) жылға жасалынады. Меморандумның қолдану мерзімі өткен соң Тараптардың өзара жазбаша келісімі арқылы осындай мерзімге ұзартылуы мүмкін.

3.4.Осы Меморандуммен белгіленген барлық бірлескен іс-шаралар колданыстағы заңдылыққа сәйкес жүзеге асырылады.
3.5.Осы Меморандумның колдануы Тараптардың біреуі осы меморандумды бұзу туралы өз ниетін тиісті жазбаша түрінде басқа Тараптарға хабарлаған күнінен бастап 30(отыз) күн өткен соң мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.
3.6.Осы Меморандумның бұзылуы Тараптармен келісіліп, бекітілген іс – шаралар жоспарына сәйкес жүзеге асырылып жатқан бірлескен қызметке әсерін тигізбейді.

## IV.Тараптардың занды мекен-жайлары

| | |
|---|---|
| **ҚР МСМ МК «Темірбек Жүргенов академиясы» РММ**<br>050000 Алматы қаласы,<br>Панфилов к-сі,127<br>Тел: +7(727)261 42 40<br>БИН 010240002450<br>ИИК KZ730703012400035001<br>БИК KKMFKZ2A<br>e-mail: kaznai@art-oner.kz<br>сайт: https://kaznai.kz<br><br>**Ректор ____________ А.Сатыбалды**<br>**м.о.** | **«Жезқазған музыкалық колледжі» КМҚК**<br>100600 Ұлытау облысы,<br>Жезқазған қаласы,<br>Ө.Байқоңыров көшесі, 17,<br>телефон: (7102) 903491,<br>903492, 903496,<br>e-mail: zhezmuzkol@mail.ru,<br>веб-сайт: muz-zhez.edu.kz,<br>БСН: 000440000579,<br>ЖСК:KZ566017171000000041 (бюджет),<br>KZ716017171000000062 (комм),<br>БСК: HSBKKZKX,<br>«Қазақстан Халық Банкі» АҚ.<br><br>**Директор__________ Ж.А. Аманбеков**<br>**м.о.** |